

САРЫАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XIX СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті XIX сессиясы өтті. Сессия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімі М.Отаршиев, аудан әкімінің орынбасары Б.Полатов, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен ауданның дербес бөлім басшылары қатысты.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №16-115-VII «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы;
2. Сарыағаш ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, кент, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне 2022 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит беру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғ.Мейманбаев баяндама жасады. Баяндамашыға депутаттар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар мен ескертпелер берілді. Сессия соңында күн тәртібіндегі 2 мәселелер бойынша мәслихат депутаттары шешім қабылдады.